

Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 28 қарашадағы № 217 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 6 желтоқсанда № 19714 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы қаулы 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі

"Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабының 3-1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.08.2025 № 53 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидалары бекітілсін.

2. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2) тармақшасында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Сыртқы коммуникациялар департаменті – Ұлттық Банктің баспасөз қызметі осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Ұлттық Банк Төрағасы

Е. Досаев

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 28 қарашадағы
№ 217 қаулысымен
бекітілді

Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.10.2023 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Микроқаржылық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 3-бабының 3-1-тармағына сәйкес әзірленді және электрондық тәсілмен (Интернет арқылы) микрокредиттер беру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.08.2025 № 53 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қағидаларда Заңда көзделген ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) автоматтандырылған ақпараттық жүйе – микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда электрондық тәсілмен микрокредиттер беруді автоматтандыратын микрокредит берудің ақпараттық жүйесі;

2) бірдейлендіру – клиенттің, электрондық хабарламалардың және өзге де құжаттардың, оның ішінде микрокредит беру үшін қажетті, сондай-ақ клиентті және оның өз еркінің мазмұнын айқындайтын құжаттардың электрондық көшірмелерінің түпнұсқалығын тексеру рәсімі;

3) берешек – қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы шартта көзделген негізгі борыштың қалдық сомасын, есептелген, бірақ төленбеген сыйақыны, айыпақыны (айыппұлдарды, өсімпұлдарды) қоса алғанда, микрокредит бойынша борыш сомасы;

4) биометриялық сәйкестендіру – жеке басты физиологиялық және биологиялық өзгермейтін белгілері негізінде сәйкестендіретін шаралар кешені;

5) бір реттік құпиясөз – электрондық нысанда көрсетілетін қызметтерді алатын субъектілерді сәйкестендірудің бір сеансы үшін ғана жарамды құпиясөз;

6) алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.08.2024 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7) жеке кабинет – микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым мен клиент арасындағы өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің көпфункционалды қорғалған сервисі;

8) клиент – микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйыммен микрокредит беру туралы шарт жасасқан немесе микрокредит алуға өтініш берген (беруге ниеттенген) жеке немесе заңды тұлға;

9) клиентті сәйкестендіру – клиенттің одан әрі бірдейлендіруді жүргізу мақсатында өзінің сәйкестендіру деректерін ұсыну рәсімі;

9-1) кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім – кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімнің ажырамас (ажырамас) бөлігі (бөліктері) болып табылатын шартта (шарттарда) микрокредит алу сомасын және уақытын, алайда микрокредиттер беру қағидаларында және кредиттік желі беру (ашу) туралы келісімде айқындалған сома және уақыт шегінде клиенттің өзі айқындауға мүмкіндік беретін талаптарда жасалған микрокредит беру туралы шарт;

10) мобильдік қосымша – ұялы байланыстың абоненттік құрылғысында пайдаланылатын және ұялы байланыс қызметі немесе интернет арқылы жеке кабинетке кіруге мүмкіндік беретін бағдарламалық өнім;

11) сәйкестендіруші – клиентке жеке кабинетке кіру үшін берілетін цифрлардан, әріптерден немесе өзге символдардан тұратын бірегей код;

12) сәйкестендіру деректерімен алмасу орталығы (СДАО) – клиенттерді сәйкестендіру рәсімдерін жүргізу үшін қолжетімді көздерден клиенттердің деректерімен алмасу бойынша қаржы ұйымдарымен өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін банкаралық ақша аудару жүйесінің операциялық орталығы;

13) смарт-карта – орнатылған микросхемасы бар пластик карта;

14) терминал – микрокредиттер беруге байланысты операцияларды жүзеге асыруға арналған электрондық-механикалық құрылғы;

15) токен – пайдаланушының ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сондай-ақ оның иесін сәйкестендіруге, ақпараттық ресурстарға қауіпсіз қашықтан қолжетімділікке арналған құрылғы;

16) уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

17) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосылуға техникалық талаптар беру бойынша көрсетілетін қызметтерге және электрондық нысанда көрсетілетін квазимемлекеттік сектор субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болып табылатын ақпараттық жүйе.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.08.2024 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.08.2025 № 53 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

2-тарау. Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру

3. Микрокредиттерді электрондық тәсілмен берумен байланысты операциялар микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның интернет-ресурсындағы клиенттің жеке кабинетінде, мобильдік қосымшасында және (немесе) терминалдарында осы Қағидаларға 3-тараудың талаптарына сәйкес келетін автоматтандырылған ақпараттық жүйені пайдалана отырып жүзеге асырылады.

4. Микрокредиттерді электрондық тәсілмен беру жүзеге асырылатын интернет-ресурс, мобильдік қосымша және (немесе) терминал ашылғанға дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды.

Уәкілетті органға жіберілетін хабарлама:

1) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның интернет-ресурсының, мобильдік қосымшасының атауын және (немесе) терминалдың тұрған жерін;

2) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның интернет-ресурсы, мобильдік қосымшасы және (немесе) терминалы арқылы көрсетуге болатын қызметтердің (операциялардың) тізбесін;

3) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда интернет-ресурс, мобильдік қосымша және (немесе) терминал арқылы қызметтер көрсету кезінде растайтын құжаттармен қоса ақпарат қауіпсіздігінің және оған заңсыз қол жеткізуден қорғаудың бекітілген рәсімдерінің болуы туралы ақпаратты қамтиды.

5. Қағидалардың 4-тармағында көрсетілген хабарламадағы ақпарат өзгерген кезде микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым мұндай өзгерістер жүзеге асырылғанға дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын бұл туралы уәкілетті органға хабарлайды.

6. Жеке кабинетте тіркеу үшін клиент - жеке тұлға мынадай деректерді енгізеді (қоса береді):

туу туралы куәлікті қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

жеке сәйкестендіру нөмірі;

туу туралы куәлікті қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және қолданыс мерзімі;

ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірі;

беттің бейтарап қалыпта және аузы жабық ашық түстегі анфас фотосуреті.

Жеке кабинетте тіркеу үшін клиент - заңды тұлға мынадай деректерді (сканерленген түрдегі құжаттарды) енгізеді (қоса береді):

заңды тұлғаның атқарушы органының басшысын тағайындау туралы бұйрық немесе микрокредит беру туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның өкілеттіктерін растайтын сенімхат;

микрокредит беру туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның туу туралы куәлігін қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса);

клиент - заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі;

микрокредит беру туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі;

микрокредит беру туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның туу туралы куәлігін қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және қолданыс мерзімі;

клиент - заңды тұлғаның ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірі;

микрокредит беру туралы шартқа қол қоюға уәкілетті клиенттің беті бейтарап қалыпта және аузы жабық, ашық түстегі аяда анфас фотосуреті.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым клиенттің тіркелгенін растау үшін мыналар ұсынған төмендегідей деректерді салыстырып-тексеруді жүзеге асырады :

клиент - жеке тұлға: клиенттің тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі және фотосуреті;

клиент - заңды тұлға: микрокредит беру туралы шартқа қол қоюға уәкілетті тұлғаның туу туралы куәлігін қоспағанда, жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) және фотосуреті.

Клиентті жеке кабинетте тіркеу кезінде СДАО қызметтерін пайдалану арқылы немесе микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның құрылғылары арқылы алынған биометриялық деректер бойынша биометриялық сәйкестендіру немесе клиенттің Қазақстан Республикасының аккредиттелген куәландыру орталығы берген электрондық цифрлық қолтаңбасы қолданылады.

Дара кәсіпкер ретінде тіркелген клиент - жеке тұлғаны тіркеу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану талап етілмейді.

Клиентті жеке кабинетке тіркегеннен кейін клиенттің жеке кабинетке кейіннен кіруі құпиясөздерді ойлап табу және (немесе) енгізу арқылы немесе бірдейлендіру белгілерінің (токендер, смарт-карталар, бір реттік құпиясөздер) кем дегенде біреуін пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Клиенттің ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөмірі туралы деректерге немесе банк шотының деректемелеріне (микрокредиттерді терминалдар арқылы беруді қоспағанда) өзгерістер енгізу клиенттің жеке кабинетінде СДАО қызметтерін пайдалану арқылы биометриялық сәйкестендіруді немесе микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның құрылғылары арқылы клиентті тіркеу кезінде алынған клиенттің биометриялық деректерін және (немесе) клиенттің Қазақстан Республикасының аккредиттелген куәландыру орталығы берген электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Жеке кабинетте клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес-сәйкестендіру нөмірі туралы деректер өзгертілмейді.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.09.2024 № 77 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

7. Жеке кабинет клиентке мынадай, бірақ олармен шектелмей, іс-қимылдарды жүзеге асыру мүмкіндігін беруі тиіс:

1) клиенттің микрокредит алуға өтініш беруі;

2) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым туралы мәліметтерді (заңды және (немесе) нақты мекенжайы, байланыс телефондары, факс, электрондық пошта мекенжайы және басқа мәліметтер), микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның бірінші басшысы туралы мәліметтерді (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса)) қарау;

3) клиенттің микрокредит беру туралы шартын (шарттарын) (шарт жасалғанға дейін және жасалғаннан кейін) қарау;

4) клиенттің микрокредит алуға өтінішінің қаралу барысы және нәтижелері туралы ақпаратты қарау;

5) клиенттің микрокредит (микрокредиттер) бойынша ағымдағы берешегінің сомасы, клиенттің алдағы және нақты төлемдері туралы, оның ішінде негізгі борыш, сыйақы, айыпақы (айыппұлдар, өсімпұлдар) сомасы туралы ақпаратты қарау;

6) клиенттің микрокредитті өтеу тәсілдері туралы ақпаратты қарау;

7) клиент пен микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым арасында хаттар (хабарлар) алмасу.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.08.2024 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Электрондық тәсілмен микрокредит берілгенге дейін микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым:

1) клиентті Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына және ішкі құжаттарға сәйкес тиісінше тексеруді жүзеге асырады;

1-1) "Микрокредит беру туралы шартты жасасу тәртібін, оның ішінде шарттың мазмұнына, ресімделуіне және микрокредиттің толық құны (микрокредит бойынша артық төленетін сома, микрокредит мәні) туралы ақпаратты қамтитын оның бірінші бетіне, микрокредит беру туралы шарттың міндетті шарттарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ микрокредитті өтеу кестесінің нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 29 қарашадағы № 232 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген

№ 19697 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 232 қаулы) көзделген іс-шараларды жүзеге асырады;

2) клиентті микрокредиттер беру қағидаларымен таныстырады;

3) клиентке микрокредитті алумен, қызмет көрсетумен және өтеумен (қайтарумен) байланысты төлемдер және аударымдар туралы толық әрі дәйекті ақпарат береді;

4) клиентке микрокредитті өтеу әдісімен танысу және таңдау үшін түрлі әдістермен (сараланған төлемдер, аннуитеттік төлемдер әдісімен немесе микрокредиттер беру қағидаларына сәйкес есептелген әдіспен) есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады;

5) клиентті микрокредит алумен байланысты құқықтары мен міндеттер туралы хабардар етеді;

6) клиенттен микрокредит беру тәсілін сұратады (клиентке терминал немесе касса арқылы қолма-қол ақша беру немесе микрокредитті клиенттің банктік шотына (төлем карточкасына) немесе микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда сатып алынатын тауарға немесе қарыз алушының орындаған жұмыстарына, қызметтеріне ақы төлеуді көздейтін шарт жасалған заңды тұлғаның банктік шотына аудару арқылы);

7) микрокредит клиенттің банктік шотына (төлем карточкасына) берілген жағдайда, клиенттің банктік шотының деректемелерін (IBAN) және (немесе) төлем карточкасының деректемелерін сұратады.

8) алып тасталды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.08.2025 № 53 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.03.2024 № 17 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.08.2025 № 53 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); 12.12.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

8-1. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым (кредиттік серіктестікті және ломбардты қоспағанда) оның жоғарғы органы бекітетін, мынадай рәсімдерді айқындайтын ішкі құжат әзірлейді:

1) алаяқтық тәуекелдерін сәйкестендіру және алаяқтық тәуекелдеріне ұшырағыштықты ерте анықтау индикаторларын айқындау;

2) бағалаудың сапалық және (немесе) сандық әдістерін қолдана отырып, оның ішінде оларды іске асыру жөніндегі деректер негізінде алаяқтықтың барлық анықталған тәуекелдерінің ықтималдығы мен салдарын бағалау;

3) клиенттер-жеке тұлғалардың алаяқтық мәселелері жөніндегі жолданымдарын (шағымдарын) қарау;

4) алаяқтық белгілері бар күдікті операциялар бойынша ішкі тергеу жүргізу;

5) алаяқтықтың елеулі тәуекелдерін іске асыру жөнінде мәліметтер жинау және сақтау;

6) алаяқтық тәуекелдерін қамтитын тәуекелдер тізілімін қалыптастыру;

7) алаяқтық тәуекелдерін, оның ішінде Қағидалардың 9-1-тармағында көзделген талаптарды іске асыру кезінде барынша азайту шараларын әзірлеу;

8) алаяқтық тәуекелдерін өңдеу жөніндегі шаралардың орындалуын мониторингтеу.

Ескерту. 2-тарау 8-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.08.2025 № 53 (30.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8-2. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым (кредиттік серіктестікті және ломбардты қоспағанда) антифрод-жүйесінің болуын қамтамасыз етеді.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның антифрод-жүйесі:

1) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің (бұдан әрі – ҚРҰБ) антифрод-орталығымен техникалық ықпалдастықты қамтамасыз етеді;

2) алаяқтық белгілері бар күдікті операциялар және алаяқтық белгілері бар төлем транзакциясын жүзеге асыру әрекеттері туралы дерекқордағы алаяқтық туралы ақпараттың толық көрсетілуін және деректерді ҚРҰБ антифрод-орталығына тәулік бойы үздіксіз беруді қамтамасыз етеді;

3) күдікті белсенділікті анықтау үшін сценарийлердің берілген алгоритмдерін, модельдерін және қағидаларын қолданады;

4) ҚРҰБ антифрод-орталығының тізімдерінен алынған мәліметтер негізінде үздіксіз жаңартылып отыратын алаяқтық белгілері бер күдікті операцияларды жүзеге асыратын адамдардың ішкі тізімін жүргізуді қамтамасыз етеді;

5) ҚРҰБ антифрод-орталығының тізімдерін қоса алғанда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның ішкі тізімдерімен клиенттер-жеке тұлғаларды автоматты түрде салыстырып тексеруді қамтамасыз етеді;

6) микрокредит беру бойынша операцияны тоқтата тұру және (немесе) одан бас тарту мүмкіндігін көздейді;

7) Қағидалардың талаптарына сәйкес деректердің сақталуын және қауіпсіздігін, алаяқтық туралы деректермен ақпарат алмасудың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді;

8) алаяқтық белгілері бар күдікті операцияларды анықтау үшін өлшемдерді талдауды және теңшеуді, тестілеуді және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның антифрод-жүйесіне өзгерістер енгізуді қамтамасыз етеді.

Ескерту. 2-тарау 8-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.08.2025 № 53 (30.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Микрокредит беру туралы шарт жасасу, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым мен клиент арасында электрондық тәсілмен микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізу СДАО қызметтерін пайдалану арқылы

биометриялық сәйкестендіруді қолдана отырып немесе микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның құрылғылары арқылы клиентті тіркеу кезінде алынған клиенттің биометриялық деректерін және (немесе) клиенттің Қазақстан Республикасының аккредиттелген куәландыру орталығы берген электрондық цифрлық қолтаңбасын пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Дара кәсіпкер ретінде тіркелген жеке тұлға-клиентпен кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты микрокредит беру туралы шарттар жасасқан кезде, сондай-ақ оған өзгерістер мен толықтырулар енгізген кезде электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдану талап етілмейді

Микрокредитті электрондық тәсілмен беру микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның банктік шотынан клиенттің банктік шотына (төлем карточкасына) ақша аудару арқылы, сондай-ақ клиентке терминал немесе касса арқылы қолма-қол ақша беру және (немесе) клиенттің өтініші бойынша микрокредитті микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйыммен осы Қағидалардың 9-1-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып, клиенттің сатып алынатын тауар немесе орындалған жұмыстар, көрсетілетін қызметтер үшін ақы төлеуін көздейтін шарт жасалған заңды тұлғаның банктік шотына аудару арқылы жүзеге асырылады

Банк шотының немесе төлем картасының клиентке тиесілігін сәйкестендіру мүмкін болмаған жағдайда ақша аудару жүзеге асырылмайды.

Микрокредитті қарыз алушының өтініші бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда сатып алынатын тауар немесе орындалған жұмыстар, көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуді көздейтін шарт жасалған заңды тұлғаның банк шотына аудару СДАО қызметтерін пайдалану арқылы биометриялық сәйкестендіруді қолдана отырып немесе микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның құрылғылары арқылы клиентті тіркеу кезінде алынған клиенттің биометриялық деректерін пайдалана отырып жүзеге асырылады.

Қарыз алушыға касса арқылы микрокредит беру оның жеке басын куәландыратын құжатпен (туу туралы куәлікті қоспағанда) не цифрлық құжаттар сервисі арқылы алынған клиенттің жеке басын растайтын (сәйкестендіретін) деректермен қолма-қол ақша алатын клиентті көзбен шолып сәйкестендіру жүргізу, сондай-ақ клиент-заңды тұлғаға микрокредит берілген жағдайда, ақша алуға уәкілетті адамның өкілеттігін растайтын сенімхат беру арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.09.2024 № 77 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.08.2025 № 53 (30.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

9-1. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредит бойынша клиент-жеке тұлғаға электрондық тәсілмен жасалған микрокредит беру туралы шарт негізінде, мөлшері № 232 қаулыда

айқындалған ең аз мөлшерден асатын ақшаны мынадай талаптарды сақтай отырып береді:

1) шартқа қол қойылған не микрокредит сомасы ұлғайтылған сәттен бастап жиырма төрт сағаттан ерте емес;

2) клиент-жеке тұлға осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген мерзім өткеннен кейін № 232 қаулыда көзделген талаптарға сәйкес ресімделген тұтынушылық микрокредит алуға келісім бергеннен кейін.

Клиент-жеке тұлғаға күнтізбелік бір күн ішінде мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген, сомасы қосу нәтижесінде № 232 қаулыда айқындалған ең төменгі мөлшерден асатын бірнеше тұтынушылық микрокредиттер электрондық тәсілмен берілген жағдайда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген талапты, оның ішінде ішкі құжаттардың талаптарын сақтайды.

Осы тармақтың бірінші және екінші бөліктерінде көзделген талаптар кредиттік желіні беру (ашу) туралы келісім шеңберінде мүлік кепілімен қамтамасыз етілмеген тұтынушылық микрокредитті электрондық тәсілмен беру жағдайларына да қолданылады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген талап тұтынушылық микрокредит сомасын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді клиент (сатып алушы) олардың алынғанын растайтын тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу мақсаттарына, сатушының (жеткізушінің) банктік шотына беру жағдайларына және (немесе) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның сол микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда алынған клиент-жеке тұлғаның микрокредиті бойынша берешекті өтеу мақсатына қолданылмайды.

Ескерту. 2-тарау 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.08.2025 № 53 (30.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға), терроризмді қаржыландыруға және жаппай қырып-жою қаруын таратуды қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында Қазақстан Республикасының заңнамасында және Заңда көзделген негіздер бойынша клиентке микрокредит беруден бас тартады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 12.12.2025 № 78 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Электрондық тәсілмен микрокредиттер беру клиентке электрондық тәсілмен микрокредит берілген электрондық құжаттардың мазмұнындағы бұрмалануларды және (немесе) өзгерістерді анықтауды, сондай-ақ микрокредит беру құпиясын құрайтын ақпаратқа рұқсатсыз қол жеткізуден қорғауды және клиент ұсынатын сәйкестендіру

және бірдейлендіру деректерін микрокредит алу кезінде рұқсатсыз қайта пайдаланудан қорғауды қоса алғанда, осы ақпараттың тұтастығын көздейтін микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

12. Клиенттің сұратуы бойынша микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым оған микрокредит беру туралы шартта көзделген тәртіппен және мерзімдерде микрокредит беруді (алуды) электрондық тәсілмен растайтын электрондық құжаттарды жіберу және (немесе) алу туралы растауды ұсынады.

13. Микрокредит беру құпиясын құрайтын ақпаратқа заңсыз қол жеткізу, оны заңсыз өзгерту, үшінші тұлғалар тарапынан заңсыз әрекеттерді не жеке-клиенттердің микрокредиттерімен өзге де заңсыз (алаяқтық) әрекеттерді жүзеге асыру анықталған сәттен бастап микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым бұл туралы клиентке және уәкілетті органға бір жұмыс күні ішінде хабарлайды, екі жұмыс күні ішінде заңсыз әрекеттерді жою үшін шаралар қабылдайды және он жұмыс күні ішінде осындай әрекеттердің салдарын жою үшін шаралар қабылдайды.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне сәйкес құқық қорғау органдары енгізген (шығарған) қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою бойынша шаралар қабылдау туралы ұсыным не микрокредитті алаяқтық тәсілмен ресімдеуге байланысты қылмыстық құқық бұзушылық бойынша клиент-жеке тұлғаны жәбірленуші деп тану туралы қаулы негізінде микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым күнтізбелік үш күннен кешіктірмей:

клиенттің осындай микрокредиті бойынша берешекті өндіріп алуды және шағым-талап жұмысын тоқтата тұрады;

клиенттің осындай микрокредиті бойынша сыйақы және (немесе) айыпақы есептеуді тоқтата тұрады.

Сондай уәкілеттілік берілген уәкілетті тұлға немесе орган оның негізінде микрокредит бойынша сыйақы есептеу, берешекті өндіріп алу және шағым-талап жұмысын жүргізуді тоқтата тұрған ұсынымның не қаулының күшін жойған жағдайда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым сыйақы есептеуді тоқтата тұру кезеңінде микрокредитті пайдаланғаны үшін қосымша сыйақы есептейді және клиент бойынша берешекті өндіріп алуды және шағым-талап жұмысын қайта бастайды.

Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым қылмыстық іс бойынша жәбірленуші деп танылған клиентке клиенттің сәйкестендіру құралдарын үшінші тұлғаның заңсыз алуы және пайдалануы салдарынан алаяқтық тәсілмен микрокредит ресімдеу фактісі анықталған заңды күшіне енген сот актісін алған күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, оның ішінде микроқаржы ұйымының қызметтерін қашықтан көрсетудің бағдарламалық қамтылымын алыстан басқаруды пайдалану немесе микроқаржы ұйымының биометриялық сәйкестендіруді жүргізу тәртібін не уәкілетті органның ішкі және сыртқы алаяқтық фактілерін анықтау, тіркеу және талдау жөніндегі нормативтік құқықтық актісінде белгіленген талаптарды бұзуы арқылы

микрокредитті ресімдеу кезінде микрокредит бойынша клиенттің берешегін есептен шығару туралы шешім, сондай-ақ клиентке осындай микрокредит бойынша бұрын ұсталған (төленген) сомаларды қайтару жөнінде шаралар қабылдайды.

Қағидалардың осы тармағына сәйкес микрокредит бойынша клиент-жеке тұлғаның берешегін есептен шығару микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымды клиент-жеке тұлғадан сот белгілеген клиенттің өз кінәсі болған кезде, алаяқтық тәсілмен ресімделген оған берілген микрокредит бойынша берешекті өтеуді талап ету құқығынан айырмайды.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.08.2025 № 53 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Автоматтандырылған ақпараттық жүйеге қойылатын талаптар

14. Автоматтандырылған ақпараттық жүйе мынаны қамтиды:

1) веб-қосымшалар (бұдан әрі – веб-қосымша) серверлерінің бағдарламалық қамтылымы;

2) мобильдік құрылғыларға арналған бағдарламалық қамтылым (бұдан әрі – мобильдік қосымша);

3) бағдарламалық интерфейстер серверлерінің бағдарламалық қамтылымы (бұдан әрі – серверлік ҚБК).

15. Автоматтандырылған ақпараттық жүйені әзірлеуді және (немесе) пысықтауды микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым әзірлеу және (немесе) пысықтау тәртібін, әзірлеу кезеңдерін және олардың қатысушыларын регламенттейтін, ішкі құжатқа сәйкес жүзеге асырады.

16. Автоматтандырылған ақпараттық жүйені әзірлеу және (немесе) пысықтау тысқары ұйымға және (немесе) үшінші тұлғаға берілсе, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым тысқары ұйымның және (немесе) үшінші тұлғаның осы тараудың және ішкі құжаттардың талаптарын орындауын қамтамасыз етеді, автоматтандырылған ақпараттық жүйенің қауіпсіздік жағдайына жауап береді.

17. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда әзірленетін автоматтандырылған ақпараттық жүйенің бастапқы кодтарын сақтау резервтік көшірме жасауды қамтамасыз ете отырып, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның қорғау периметрінде орналастырылатын мамандандырылған код репозиторияларын басқару жүйесінде жүзеге асырылады.

18. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда қабылданған автоматтандырылған ақпараттық жүйені әзірлеу және (немесе) пысықтау тәсіліне қарамастан, қауіпсіздікті тестілеу міндетті кезең болып табылады, оның барысында кем дегенде мынадай іс-шаралар жүзеге асырылады:

1) бастапқы кодты статикалық талдау;

2) құрауыштарды және (немесе) тысқары кітапханаларды талдау.

19. Автоматтандырылған ақпараттық жүйенің бастапқы кодын статикалық талдау тексерілетін бағдарламалық қамтылымда қолданылатын барлық бағдарламалау тілдерін талдауды қолдайтын бастапқы кодтарды статикалық талдау сканерін пайдалана отырып жүргізіледі, оның функцияларына мынадай осалдықтарды анықтау кіреді, бірақ мыналармен шектелмейді:

- 1) зиянды кодты енгізуге мүмкіндік беретін тетіктердің болуы;
- 2) осал операторларды және бағдарламалау тілдерінің функцияларын пайдалану;
- 3) әлсіз және осал криптографиялық алгоритмдерді қолдану;
- 4) белгілі бір жағдайларда қызмет көрсетуден бас тартуды немесе қосымшаның жұмысын айтарлықтай баяулатуды тудыратын кодты пайдалану;
- 5) қосымшаны қорғау жүйелерін айналып өту тетіктерінің болуы;
- 6) құпия кодты ашық түрде пайдалану;
- 7) қосымшаның қауіпсіздік үлгілері мен тәжірибелерін бұзу.

20. Автоматтандырылған ақпараттық жүйенің құрауышын және (немесе) тысқары кітапханаларын талдау құрауыштың және (немесе) тысқары кітапхананың қолданылатын нұсқасына тән белгілі осалдықтарды анықтау, сондай-ақ құрауыштар және (немесе) үшінші тарап кітапханалары мен олардың нұсқалары арасындағы тәуелділіктерді қадағалау мақсатында жүргізіледі.

21. Микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым ішкі құжатта айқындалған тәртіпте анықталған осалдықтарды жою бойынша түзету шараларының іске асырылуын қамтамасыз етеді, бұл ретте аса маңызды осалдықтар автоматтандырылған ақпараттық жүйе және (немесе) оның жаңа нұсқалары пайдалануға берілгенге дейін жойылады.

22. Микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым автоматтандырылған ақпараттық жүйенің бастапқы кодтарының және соңғы 3 (үш) жыл ішінде пайдалануға берілген қауіпсіздікті тестілеу нәтижелерінің барлық нұсқаларын сақтауды және оларға жедел режимде қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

23. Автоматтандырылған ақпараттық жүйенің клиенттік және серверлік тараптары арасында деректер алмасу Transport Layer Security (Транспорт Лейер Секьюрити) шифрлау хаттамасының 1.2-ден төмен емес нұсқасын пайдалана отырып шифрландырылады.

24. Веб-қосымша:

- 1) веб-қосымшасының тек қана микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымға тиесілігін сәйкестендіруді (домендік аты, логотиптері, корпоративтік түстері);
- 2) браузердің жадында авторландырылған деректерді сақтауға тыйым салуды;
- 3) енгізілген құпияларды бүркемелеуді;
- 4) клиентті авторландыру парақшасында веб-қосымшаны пайдалану кезінде басшылыққа алу ұсынылатын кибергигиенаны қамтамасыз ету шаралары туралы хабардар етуді;

5) қате туралы ең аз қажетті ақпарат бере отырып, клиенттің интерфейсінде конфиденциалды деректердің көрсетілуіне жол бермей қателер мен ерекшеліктерді қауіпсіз тәсілмен өңдеуді қамтамасыз етеді.

25. Мобильдік қосымша:

1) микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның мобильдік қосымшасының тиесілігін идентификаттаудың бірегейлігін (қосымшалардың ресми дүкеніндегі деректер, логотиптер, корпоративтік түстер);

2) операциялық жүйенің тұтастығын бұзу және (немесе) қорғау тетіктерін айналып өту белгілері анықталған, қашықтан басқару процестері анықталған жағдайда микроқаржылық қызметін жүзеге асыратын ұйымның микрокредиттер беру жөніндегі функционалын электрондық тәсілмен бұғаттауды;

3) клиентке мобильдік қосымшаның жаңартулары бар екендігі туралы хабарлауды;

4) маңызды осалдықтарды жою қажет болған жағдайда мобильдік қосымшаның жаңартуларын мәжбүрлеп орнату немесе оларды орнатқанға дейін мобильдік қосымшаның функционалын бұғаттау мүмкіндігін;

5) конфиденциалды деректерді мобильдік қосымшаның қорғалған контейнерінде немесе жүйелік есептік деректер қоймасында сақтауды;

6) конфиденциалды деректерді кэштеуді болдырмауды;

7) конфиденциалды деректердің мобильдік қосымшасынан резервтік көшірмелерді шығаруды;

8) клиентті мобильдік қосымшаны пайдалану кезінде ұстануға ұсынылатын кибергигиенаны қамтамасыз етудің тиімді әдістері туралы хабардар етуді;

9) клиентті оның есептік жазбасы арқылы авторизациялау оқиғалары, құпиясөзді өзгерту және (немесе) қалпына келтіру, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым тіркеген өзгерістер, ұялы телефон нөмірі туралы хабардар етуді;

10) ақшалай қаражатпен операцияларды жүзеге асыру барысында – клиенттің рұқсаты болатын кезде мобильдік құрылғының геолокациялық деректерін микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымның серверлік ҚБҚ-ға беруді не мұндай рұқсаттың жоқ екені туралы ақпарат беруді қамтамасыз етеді.

26. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым өз жағында:

1) жауапта конфиденциалды деректердің жария болуына жол бермей, проблеманы анықтау үшін ең аз қажетті ақпарат ұсына отырып, қателер мен ерекшеліктерді қауіпсіз тәсілмен өңдеуді;

2) мобильдік қосымшаларды және олармен байланысты құрылғыларды идентификаттауды және бірдейлендіруді;

3) жалған сұратулар мен инъекциялармен шабуылдардың алдын алу үшін деректердің жарамдылығын тексеруді қамтамасыз етеді.

27. Автоматтандырылған ақпараттық жүйеде ақпаратқа қолжетімділік микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның қызметкерлеріне олардың функционалдық міндеттерін орындау үшін қажетті көлемде беріледі.

28. Автоматтандырылған ақпараттық жүйеге қолжетімділік микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның қызметкерлерін идентификаттау және бірдейлендіру арқылы жүзеге асырылады.

29. Автоматтандырылған ақпараттық жүйеде микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның ішкі құжатымен айқындалатын есептік жазбалар мен құпиясөздерді басқару, сондай-ақ пайдаланушылардың есептік жазбаларын бұғаттау жөніндегі функциялар қолданылады.

30. Автоматтандырылған ақпараттық жүйе техникалық қолдаумен қамтамасыз етіледі, оның құрамына автоматтандырылған ақпараттық жүйенің жаңартуларын, оның ішінде қауіпсіздік жаңартуларын ұсыну жөніндегі қызметтер кіреді.

31. Автоматтандырылған ақпараттық жүйе оның жұмыс істеуге қабілетті көшірмесін қалпына келтіруді қамтамасыз ететін деректердің, файлдардың және өлшемдердің резервтік сақталуын қамтамасыз етеді.

32. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда ұйымдастырушылық және техникалық деңгейде автоматтандырылған ақпараттық жүйенің аудиторлық ізінің жүргізілуі және өзгермеуі қамтамасыз етіледі.

33. Автоматтандырылған ақпараттық жүйені қорғау үшін лицензияланған антивирустық бағдарламалық қамтылым немесе жұмыс станцияларында, ноутбуктерде және мобильдік құрылғыларда бағдарламалық ортаның тұтастығын немесе өзгермейтіндігін бақылауды қамтамасыз ететін жүйелер қолданылады.

34. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым клиентке берілген және одан алынған электрондық хабарлар мен өзге құжаттардың, сондай-ақ клиентті биометриялық сәйкестендіру барысында алынған деректердің тұтастығы мен конфиденциалдылығын сақтай отырып, олардың микрокредит беру туралы шарт бойынша тараптардың міндеттемелері тоқтатылғаннан кейін кемінде бес жыл бойы қауіпсіз сақталуын қамтамасыз етеді.

Электрондық хабарларды, деректерді және өзге құжаттарды сақтау олар қалыптастырылған, клиентке жіберілген немесе одан алынған форматта жүзеге асырылады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.08.2024 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35. Биометриялық сәйкестендіру кезінде клиенттің қайталанбайтын бақылау қимыл-қозғалыстарын орындау тізбектілігін биометриялық сәйкестендіру барысында тексеру арқылы клиенттің биометриялық деректерін қолдан жасау үшін статикалық бейне немесе бейнежазбаны пайдаланудан қорғау қамтамасыз етіледі.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.08.2024 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

36. Микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда клиенттің дербес деректерін заңсыз тарату туралы ақпарат болған жағдайда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым мыналарды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қосымша қауіпсіздік шараларын іске асырады:

1) клиентті қайтадан биометриялық сәйкестендіруді;

2) клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірін мобильді байланыс операторының дерекқорындағы абоненттік нөмір иесінің жеке сәйкестендіру нөмірімен салыстыру немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы клиенттердің мобильді телефон нөмірлері базасында клиенттің жеке сәйкестендіру нөмірін салыстыру арқылы осы абоненттік нөмірдің клиентке тиесілігі туралы ақпарат алу жолымен клиенттің абоненттік нөмірінің оған тиесілігін тексеруді;

3) клиентке оның дербес деректерінің ұрланғаны туралы хабарлай отырып және клиенттің кредиттер ресімдеуден ерікті түрде бас тартуын белгілеу жөніндегі ұсыныммен бірге клиент көрсеткен клиенттің ұялы байланыс құрылғысының абоненттік нөміріне тексеру қоңырауын қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, қосымша қауіпсіздік шараларын іске асырады.

Ескерту. Қағидалар 36-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.08.2024 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 29.08.2025 № 53 (31.08.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37. Автоматтандырылған ақпараттық жүйеге үшінші тұлғаларға қолжетімділік берілген немесе микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның серверлік қуаттары деректерді өңдеудің (деректерді өңдеудің және (немесе) сақтаудың сыртқы сервистерін пайдаланудың) басқа орталықтарында орналастырылған жағдайда, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің мынадай шараларын қабылдайды:

1) тиісті келісімде, үшінші тұлғамен жасалған шартта микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның автоматтандырылған ақпараттық жүйелерін қорғау жөніндегі талаптарды және микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымның осындай талаптардың орындалуын тексеру құқығын, сондай-ақ ақпараттық қауіпсіздікті және автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің жұмыс қабілеттілігін бұзу салдарынан туындаған залалды өтеу туралы талаптарды көрсету;

2) Қазақстан Республикасының азаматтық, банк заңнамасына, Қазақстан Республикасының микроқаржылық қызмет туралы заңнамасына, Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасына сәйкес

үшінші тұлғалардың үшінші тұлғаларға беруге жол берілмейтін ақпаратқа қол жеткізу мүмкіндігін болдырмау. Осы мақсаттар үшін ақпаратты микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйым тарапында жария ету арқылы шифрланған түрде сақтау әдісі қолданылады. Бұл ретте шифрлау кілті микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымда сақталады.

Ескерту. Қағидалар 37-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.08.2024 № 52 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.